

«АТЫНА ЖЕКЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ ШОТЫ АШЫЛҒАН ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ ҚОСЫМША ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІНЕ ӨЗГЕРІСТЕР ЖӘНЕ (НЕМЕСЕ) ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҚЫЗМЕТІН АЛУШЫҒА ЖАДЫНАМА

«Атына жеке зейнетақы шоты ашылған жеке тұлғаның қосымша деректемелеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу» электрондық қызметін мынадай жағдайларда:



Қызметті алушыда қолданыстағы электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі - ЭЦҚ) және орнатылған **eGov mobile** ұялы қосымша болған;



«Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер базасынан (бұдан әрі – ЖТ МДБ) Қызметті алушының жеке басын куәландыратын құжаттың жарамдылығы мен өзектілігі туралы мәліметтер, Қызметті алушының қайтыс болуы, әрекетке қабілетсіздігі (әрекетке қабілеттігін шектеу) туралы мәліметтердің жоқтығы расталған;



Қызметті алушының дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімі болған;



ЖТ МДБ-да бар Қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, ЖСН деректерінің БЖЗҚ ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - АЖ) бар деректермен сәйкес келген жағдайда **пайдалануға болады**.



Қызмет арқылы өзгертілуі және (немесе) толықтырылуы тиіс Қызмет алушының қосымша деректемелеріне: пошталық және (немесе) электрондық мекенжай; телефон нөмірі (үй, жұмыс, ұялы) жатады.



Техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты БЖЗҚ интернет-ресурсының және (немесе) ЖТ МДБ сервисінің жұмысындағы үзілістерді қоспағанда, Қызмет өтініш берушіге тәулік бойы қолжетімді

«Жеке кабинет» бөлімінің бастапқы беті өтініш берушіге екі тәсілмен кіруге мүмкіндік береді:



ЭЦҚ арқылы



логин (ЖСН) және пароль арқылы

ЖЕКЕ КАБИНЕТКЕ КІРУ KZ

ЖСН-ды еске сақтау

[Тіркелу/Құпиясөзді ұмыттыңыз ба?](#)


ЭЦҚ арқылы кіру

ЖЕКЕ КАБИНЕТТЕ АВТОРЛАНУДЫҢ I-ші ТӘСІЛІ


ЭЦҚ кілтінің көмегі арқылы авторлану

Қызметке қол жеткізу Қызметті алушының міндетті түрде авторлануын қажет етеді. ЭЦҚ пайдалануды қажет ететін интернет-ресурс бөлімінде жұмыс істеу үшін сіздің дербес компьютеріңізде орнатылған (іске қосылған) NCALayer бағдарламалық қамтамасыз етуінің (бұдан әрі - БҚ) болуы міндетті.



Орнатылған БҚ болмаған жағдайда орнату файлын NCALayer БҚ арқылы жүктеп алуға болады. NCALayer БҚ орнату бойынша пайдаланушының нұсқамасы ҚР Ұлттық куәландыру орталығының сайтында мына сілтеме <https://pki.gov.kz/ncalayer/> бойынша қолжетімді.

Егер ЭЦҚ кілті пайдаланушының компьютерінде файл түрінде болса (файл сертификаты деп аталатын), онда «Сіздің компьютеріңіз» тармағын таңдағаннан кейін файлды таңдау диалог терезесін басып, осы файлға жолды көрсету керек.

Интернет-ресурста авторлану үшін аудентификациялауға арналған ЭЦҚ кілтін пайдалану қажет екенін ескергеніңіз жөн (файл атауы **AUTH_RSA**-дан басталады). Файлды таңдап, диалог терезені жапқаннан кейін «Кіру» батырмасын басу қажет. java-апплет файлға рұқсат алу үшін пайда болған диалог терезеде кілт сақталған жерден парольді енгізіп, «Ашу» батырмасын басып, содан соң «Қол қою» батырмасын басу арқылы өзіңіздің іс-әрекетіңізді растауыңыз қажет




Сертификатты таңдау



ЖСН ЖӘНЕ ПАРОЛЬ АРҚЫЛЫ АВТОРЛАНУ



Қызметті алушылар сайтта өз бетінше тіркеліп, интернет-ресурста әрі қарай авторлану үшін өзіне пароль қояды. Тіркелу үшін тиісті бөлімше нысанында өзінің деректемелерін көрсету керек:



БЖЗҚ интернет-ресурсында авторланудан өткеннен кейін Жеке кабинеттегі «Қызметтер» бөліміндегі - «Салымшының (алушының деректемелеріне/банктік деректемелеріне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу)» қосымша бетіне өтіңіз

* Қазақстандық провайдердің ұялы телефон нөмірі болуы тиіс

«ЖЕКЕ БАСТЫ КУӘЛАНДЫРАТЫН ҚҰЖАТ БЛОГЫ

Төмендегі жолдарды түзету мүмкіндігінсіз ЖТ МДБ ақпараттық жүйесінен автоматты түрде толтырылады:

- Құжат түрі (жеке басты куәландыратын бірнеше қолданыстағы құжаттар болған жағдайда, қажетті құжатты таңдау мүмкіндігі бар)
- Серия (бар болса)
- Құжат нөмірі
- Берілген күні
- Қолданыс мерзімі
- Кім берді

1 Құжат типі

Құжат типі: ЖЕКЕ КУӘЛІК

Сериясы: Сериясы

Құжат нөмірі: 111111111

Берілген күні: 06.09.2019

Қолданылатын мер...: 05.09.2029

Кім берді: МВД РК

! ЖТ МДБ-да қолданыстағы бірнеше құжаттар туралы мәліметтер болған жағдайда қажетті құжат түрін таңдау мүмкіндігі беріледі. Егер құжаттың таңдалған түрі бойынша мәліметтер БЖЗҚ АЖ-дағы мәліметтерден өзгеше болса, өтінішке қол қою кезінде БЖЗҚ АЖ-ға тиісті өзгерістер енгізілетін болады.

«МЕКЕНЖАЙ» БЛОГЫ

2 Мекенжай

"Қазпочта" АҚ сервисін қосу

Мекенжай

Облыс, аудан, қала, көше, үй (қатаң түрде кириллица әріптерімен толтырылады)

Пәтер

Индекс



Ескерту: «Қазпочта» АҚ сервисі қосылған кезде шыққан тізімнен мекенжай деректерін таңдау мүмкіндігі бар

«БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНДАРЫ» БЛОГЫ

3 Байланыс телефондары

Үй телефоны

Байланыс телефоны

Ұялы телефон

! *Байланысу деректерінде Қызметті алушының өзіне тиесілі ұялы телефон нөмірін көрсету қажет, өйткені БЖЗҚ-дан ақпараттық жіберілімдерді жүзеге асыру үшін БЖЗҚ пайдаланатын болады.*

«ШАРТ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ» БЛОГЫ



Хабарландыру атауы, нөмірі және түрі көрсетілетін төмендегі жолдар БЖЗҚ АЖ-дан автоматты түрде толтырылады және ашылған ЖЗШ туралы мәліметтерді қамтиды

4 Келісімшарттың егжей-тегжейлері

Сізде еркін зейнетақы жараналары есебі үшін жеке зейнетақы шоты(-ттары) бар:

Аты	Нөмірі	Хабарландыру тәсілі
ОПВ	11111111111111111111	• Интернет арқылы/ ЭЦҚ кілтін пайдалана отырып
ДПВ	11111111111111111111	• Интернет арқылы/ ЭЦҚ кілтін пайдалана отырып

Электрондық мекенжай

! Байланысу деректерінде Қызметті алушының электрондық мекенжайын көрсету қажет, өйткені БЖЗҚ-дан ақпараттық жіберілімдерді жүзеге асыру үшін БЖЗҚ пайдаланатын болады.

Өтінішке қол қою



Толтырылғаннан кейін қол қою тәсілін таңдау қажет

ЭЦҚ-мен қол қою




және

QR-мен қол қою

батырмалары
толтырылуы тиіс барлық міндетті жолдар толтырылған кезде белсенді болады

ЭЦҚ арқылы қол қою тәсілін таңдаған жағдайда Өтініштерге қол қоюға арналған ЭЦҚ (файл атауы RSA-дан басталады)
таңдау терезесі пайда болады

Сертификатты таңдау



Қызметті көрсету кезінде техникалық мәселелер туындаған кезде экранға тиісті хабарлама шығады

Өтінішке қол қою

Егер QR-код арқылы қол қою әдісін таңдаған жағдайда, толық қадамдық нұсқаулық және өтінішке қол қоюға арналған QR-код шығады


QR қол қою

QR-код арқылы қол қою үшін eGov Mobile қосымшасын ашу қажет


Егер eGov Mobile қосымшаңыз жоқ болса, оны ресми сілтеме бойынша орнатыңыз

Загрузите в App Store


или скачайте с Google play



1. Құрылғыңызда орнатылған eGov Mobile ашыңыз



2. Басты беттің жоғарғы оң бұрышындағы QR сканерін ашыңыз



3. Кодты оқу үшін телефонның камерасын осы QR-ға беттеңіз

Қол қоюды аяқтау

! Қол қоюдың бұл әдісі eGov mobile интеграциясы негізінде іске асырылады, сондықтан өтініш беруші осы қосымшаны ұялы телефонына орнатып, оған кіруі керек. «QR-мен қол қою» батырмасын басқаннан кейін Қор серверіне сілтеме қамтылатын QR-код жасалады. Бұл QR кодты eGov mobile ұялы қосымшасының көмегімен сканерлеу керек, оның жоғарғы оң жақ бұрышында QR кодтарды оқуға арналған белгі бар.

QR кодты сканерлегеннен кейін қол қойылатын құжатты көрсететін терезе ашылады. Әрі қарай, «Қол қою» батырмасын басу арқылы пайдаланушы құжатқа қол қоюды аяқтауы керек. Нәтижесінде «Қол қою сәтті аяқталды» деген хабарлама шығуы керек.



Рақмет!

